	Ашық сабақтың әдістемелік әзірлемесі	7 беттің 1-беті

Бекітемін

Директордың оқу -әдістемелік  
жұмысы жөніндегі  
орынбасары  
\_\_\_\_\_ А.К.Жексембинова  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж

**«Ішкі аурулар» пәнінен «Стенокардия» тақырыбы бойынша  
09120100-«Емдеу ісі» мамандығы, 4S09120101 - «Фельдшер» біліктілігі бойынша  
ЕМС 21-22Г тобында өткізілетін ашық сабақтың әдістемелік әзірлемесі**

Дайындаған: Кулишманова Мадина Курбаналиевна  
«Ішкі аурулар» пәнінің оқытушысы

Қарастырылды

«Арнайы пәндер»  
ОӘБ отырысында  
ОӘБ төрайымы \_\_\_\_\_ Т.Б.Аймахановна  
Хаттама №\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.

Тараз 2024ж

## Сабақ жоспары №7

**Оқытушы:** Кулишманова Мадина Курбаналиевна

**Пәннің аты:** «Ішкі аурулар»

**Оқу тобы:** ЕМС 21-22Г күні 28.03.2024ж.

**Сабақ тақырыбы:** Стенокардия

**Сабақ түрі:** талқылау

<b>Сабақ мақсаты</b>	<b>Білімділік</b> Студенттерге жүректің ишемиялық ауруын алдын алу шараларын қолдануды түсіндіру
	<b>Тәрбиелік.</b> Студенттердің білімін арттыра отырып, адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу
	<b>Дамытушылық.</b> Студенттердің ойлау, талқылау қабілеттерін дамыту

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, сұрақ-жауап, тест

**Сабақты жабдықтау:**

**Қолданылатын көрнекі және оқытудың техникалық құралдар:** суреттер, слайдтар, видеороликтер, тірек конспектілер

**Таратылатын материалдар:** тест тапсырмалары

**Пән аралық байланыс:** Анатомия, Физиология, Патологиялық Анатомия.

Сабақты жүргізу кезеңдері (негізгі және қажетті әдістемелік түсіндірмелер мен ұсыныстар)	Қосымша және берілген уақыт (мин)
<b>I. Ұйымдастыру кезеңі.</b>	<b>3 мин</b>
1. Сәлемдесу	
2. Сыртқы түрлеріне назар аудару	
3. Жоқ оқушыларды белгілеу	
4. Сабаққа назарын аудару	
<b>II. Өткен тақырыпты қайталау</b>	<b>15 мин</b>
Тақырыбы: Артериалды гипертония	
1. Артериалды гипертония анықтамасы	
2. Артериалды гипертония қауіп факторлары	
3. Артериалды гипертония клиникасы	
4. Тест	
<b>III. Жаңа тақырыпты баяндау</b>	<b>45 мин</b>
Тақырыбы: Стенокардия.	
<b>1. Стенокардияның анықтамасы. Стенокардия – төс артындағы ауру сезімімен сипатталатын, миокардтың өтпелі ишемиясынан дамиды</b>	

<p>клиникалық синдром.</p>	
<p><b>2. Стенокардияның этиологиясы. Себептері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәж артерияның атеросклерозы,</li> <li>2. тромбозы,</li> <li>3. тәж артерияның түйіліп қысылуы.</li> </ol> <p><b>Стенокардия дамуының қауіпті ықпалдары:</b>  Модифицирлейтін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▶ семіздік;</li> <li>▶ дислипидемия;</li> <li>▶ артериальды гипертензия;</li> <li>▶ Темекі шегу;</li> <li>▶ Психоэмоциялық күйзелістер;</li> <li>▶ Қантты диабет;</li> <li>▶ гиподинамия;</li> </ul> <p>Модифицирлеуге келмейтін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▶ Жасы;</li> <li>▶ жынысы;</li> <li>▶ Тұқым қуалаушылық.</li> </ul>	
<p><b>3. Стенокардияның патогенезі.</b> Негізгі патофизиологиялық механизмі — миокардтың оттегіге сұранысы мен тәж қан ағымымен оттегіні тасымалдау мөлшерінің арасындағы сәйкессіздігі.</p>	
<p><b>4. Стенокардияның жіктелуі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жүктемелі стенокардиясы;</li> <li>- алғаш рет туындаған жүктемелік стенокардия (1 айға дейін);</li> <li>- тұрақты жүктемелік стенокардия (I ден IV дейін функционалды класты көрсетіп);</li> <li>- үдемелі стенокардия;</li> <li>- тез үдемелі стенокардия;</li> <li>- кенеттен пайда болған (вазоспастикалық) стенокардия.</li> </ul>	
<p><b>5. Стенокардияның клиникасы.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ <i>Ұстамалық ауру сезім (салмақ батқандай, ашып, қысып, күйдірген, төске қазық қаққандай ауру сезімі)</i></li> <li>✓ <i>Ұзақтығы қысқа, 5-20 мин.</i></li> <li>✓ <i>Орналасқан жері: төс арты. Ауырсыну сол иыққа, қолға, беттің сол жағына, мойынға, сол жақ құлағына иррадиация береді.</i></li> <li>✓ <i>Қоздыру факторы - физикалық, эмоциялық күш түскенде пайда болады.</i></li> <li>✓ <i>Нитроглицериннің оң әсері айқын. (3-5мин)</i></li> </ul> <p><b>ФК анықтау.</b></p> <p><b>I ФК (жасырын стенокардия):</b> стенокардия ұстамалары тек қана үлкен интенсивтілікпен физикалық жүктеме кезінде туындайды;</p> <p><b>II ФК (жеңіл дәрежедегі стенокардия):</b> стенокардия ұстамалары 500 метр қашықтыққа тегіс жермен жүру кезінде, әсіресе суық ауа райында, желге қарсы; бір қабаттан жоғары баспалдақпен көтерілгенде; эмоционалды қозу кезінде туындайды. Қарапайым физикалық белсенділік аздаған шектеулерді қажет етеді.</p> <p><b>III ФК (орташа ауырлықтағы стенокардия):</b> стенокардия ұстамалары қалыпты қарқынмен тегіс жерде 100-500 м қашықтықта жүру кезінде, бірінші қабатқа баспалдақпен көтерілу кезінде туындайды. Стенокардияның сирек ұстамалары тыныштықта пайда болуы мүмкін. Қалыпты физикалық белсенділіктің айқын шектелуі болады.</p> <p><b>IV ФК (ауыр форма):</b> стенокардия ұстамалары аздаған физикалық</p>	

<p>жүктемелер кезінде туындайды, 100 м аз қашықтықта тегіс жерде жүруде, тыныштықта, науқастың горизонталды жағдайға ауысуында. Жүктемелік функционалды сынақты жүргізбейді, науқастарда қарапайым физикалық белсенділікті айқын шектеу байқалады.</p>	
<p>6. Стенокардия диагностикасы.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ <b>Анамнез;</b></li> <li>➤ <b>Лаб. зерттеу</b> (ХС, ТТЛП, ТЖЛП, тромбоциттер агрегациясы, коагулограмма);</li> <li>➤ <b>Функциональдық әдістер:</b> ЭхоКГ, Холтер ЭКГ, Тредмил Тест, ВЭМ, (Коронароангиография (КАГ))</li> </ul>	
<p>7. Стенокардия емі.</p> <p><b>Консервативті ем:</b></p> <p><i>A (Aspirin) – аспирин, антиангинальды терапия;</i></p> <p><i>B – бета-блокаторлар, АҚ бақылау;</i></p> <p><i>C (Cholesterol) – ОХС бақылау статиндер, темекіден бас тарту;</i></p> <p><i>D (Diet) – гиполлипидемиялық диета;</i></p> <p><i>E (Education) – науқасты оқыту, физикалық жүктеме.</i></p> <p><b>Хирургиялық ем:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- коронарлы артерияға стент қою;</li> <li>- Балонды ангиопластика;</li> <li>- Аортокоронарлы шунт қою;</li> <li>- Эндартерэктомия.</li> </ul> <p>Стенокардия ұстама кезінде шұғыл көмек көрсету: ұстама кезінде сублингвальды түрде нитроглицерин және шайнауға аспирин табл беріледі.</p>	
<p><b>IV. Жаңа тақырыпты бекіту (қорытындылау, бағалау)</b></p>	<b>15 мин</b>
<p>1. Стенокардия ауруының анықтамасы</p>	
<p>2. Стенокардия ауруының этиологиясы</p>	
<p>3. Стенокардия клиникасы мен ФК</p>	
<p>4. Стенокардия емі және ұстама кезінде шұғыл көмек көрсету</p>	
<p>5. Алдын алу шаралары.</p>	
<p><b>V. Үй тапсырмасы:</b> Миокард инфаркты. Күрделі инфаркт миокардысы.</p>	<b>2 мин</b>
<p><b>Пайдаланған әдебиеттер:</b></p> <p>1. Гильмутдинова Л.Т., Ахмадуллин Р.В. Применение продукта кобыльего молока в санаторной реабилитации больных ишемической болезнью сердца // Актуал. проблемы восстанов. медицины, курортологии и физиотерапии: сб. науч. тр. -М.: 2005. — С. 73-74.</p> <p>3. Гильмутдинова Л.Т., Хабибрахманов М.М., Ахмадулин Р.В. Реабилитация и комплексное лечение больных в кумысолечебном санаторий «Юматово». — Уфа: 2004. – 162с.</p> <p>4. Ланкин В.З., Тихазе А.К., Беленков Ю.Н. Свободнорадикальные процессы при заболеваниях сердечно-сосудистой системы // Кардиология. — 2000. — №7. – С. 48-53.</p> <p>5 Стальная Н.Д., Гаришвили Т.Г. Метод определения малонового диальдегида с помощью тиобарбитуровой кислоты // Современные методы в биохимии. — М.: Наука, 1997. – С. 66-68.</p>	

## Тест «Артериальды гипертензия»

1. Мезгіл-мезгіл қан қысымының көтерілуі, жүйелермен ағзалардың қызметінің бұзылуына тән ауру:

- а) артериалды гипертензия
- б) симптоматикалық гипертензия
- в) гипертониялық криз
- г) дисциркуляторлық дистония
- е) атеросклероз

2. Артериалды гипертензияның этиологиясы:

- а) иммундық жүйенің әлсіреуі
- б) инфекциялық ошақтар
- в) нервтік-стрестік жағдайлар
- г) темекіні шамадан тыс қолдану
- е) радиацияның әсері

3. Артериалды гипертензияның негізгі клиникалық белгілері:

- а) іш қату, бас ауруы
- б) жөтелу, қақырық тастау
- в) бас ауруы, тахикардия
- г) жүрек тұсының шаншуы, енгігу
- е) лоқсу, құсу, енгігу

4. Қалыпты (оптимальді) артериалдық қан қысымының көрсеткіші:

- а) 140/90 мм.с.б.б
- б) 180/100 мм.с.б.б
- в) 90/60 мм.с.б.б
- г) 120/80 мм.с.б.б
- е) 160/90 мм.с.б.б

5. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымы (ДДҰ) және Гипертония бойынша халықаралық қоғам (ГХҚ) сарапшыларының шешімінің жіктелімі бойынша артериалды гипертензияның

III дәрежесіне тән қан қысымы:

- а) 130/80 мм.с.б. б
- б) 100/60 мм.с.б б
- в) 150/90 мм.с.б. б
- г) 180/110 мм.с.б.б
- е) 140/90 мм.с.б.б

6. Гипертониялық кризде дәрігерге дейінгі жедел жәрдем көрсету тактикасы:

- а) науқасты тыныштандыру, маңдайына мұзды мұйық қою
- б) науқастың аяқ жағын көтеріңкі етіп жатқызу
- в) жүрекке тікелей емес массаж жасау
- г) қолдан дем бер
- е) бетіне суық су бүрку

7. Артериалды гипертензияның асқынуы:

- а) инсульт, миокард инфаркты
- б) кардиомиопатиялар
- в) пневмосклероз
- г) пневмония
- е) жүрек ақауы

8. Гипертониялық криздің дамуына ықпал ететін себепші жағдайлардың бірі:

- а) психоэмоционалдық стрестер
- б) инфекциялық ошақтар
- в) тәтті тағамдарды көп қолдану
- г) 8-9 сағаттан көп ұйықтау
- е) еңбек пен демалыс режимін сақтау

9. Артериалды гипертензияны емдеудегі алғашқы мақсат:

- а) қан қысымын оптимальді деңгейде ұстау
- б) нысана ағзаларының құрылымы мен қызметінің өзгеруіне жол бермеу
- в) нысана ағзалары жағынан асқынуларға жол бермеу
- г) ас тұзының 10 -15 гр., сұйықтық деңгейін 1,5 - 2 л. жеткізу
- е) зат алмасу процессінің бұзылуына жол бермеу

10. Артериалды гипертензияда қолданылатын дәрілер:

- а) пентамин, корвалол, кардиомагнил
- б) каптоприл, атенолол, гипотиазид
- в) күкіртті қышқыл магнезия, анальгин
- г) дроперидол, фентанил, кофеин
- е) кофеин, анальгин, никотин қышқылы

#### Тест «Стенокардия»

1. Жүрек қан айналымының келмелі, уақытша бұзылуынан дамиды жүрек қантамыр ауруларының бірі:

- а) стенокардия
- б) миокардит
- в) миокард инфаркты
- г) атеросклероз
- е) эндокардит

2. Стенокардияның негізгі клиникалық симптомдары:

- а) әлсіздік, тез шаршау
- б) енгігу, жөтелу
- в) жүрек соғуының жиілеуі, дененің төменгі бөлігінің ісінуі
- г) төс сүйегі артындағы ұстамалы ауырсынуы, терінің бозаруы
- е) әлсіздік, дене қызуының көтерілуі

3. Стенокардияның клиникалық түрлерін анықтаудағы маңызды аспаптық тексеру әдісі:

- а) велоэргометрия
- б) рентгенскопия
- в) фонокардиография
- г) эхокардиография
- е) спирография

4. Стенокардияның дамуына ықпал ететін этиологиялық факторлар:

- а) коронар артериясының атеросклерозы, нервтік- стрестік жағдай, ағзаға физикалық күш түсіру
- б) жануар майын көп қолдану
- в) ішімдікті көп қолдану және темекі шегу
- г) ас тұзын және сұйықтықты көп қолдану
- е) тәтті тағамды және өсімдік тектес майларды көп қолдану

5. Стенокардиядағы «ауырсыну» симптомы беріледі:

- а) оң иыққа, оң қолға
- б) оң қабырға астына
- в) сол қолға, сол иыққа

- г) оң жауырын астына
- е) оң шатына

6. Стенокардияға тән симптомдары:

- а) жүрек тұсының қысып аурсынуы
- б) басының ауруы, ұйқысының бұзылуы
- в) ентігу, дененің төменгі бөлігінің ісінуі
- г) ентігу, жүрек соғысының баяулауы
- е) оң қабырға астының ауырсынуы, ентігу

7. Стенокардиядағы «ауырсыну» симптомын басу үшін қолданады:

- а) нитроглицерин 0,0005 мг
- б) гепарин 5000 Әсерлі бірлік
- в) анаприлин 10 мг
- г) трентал 5,0 мл
- е) изоптин 40 мг

8.

9. Стенокардияда нитроглицерин таблеткасын қолдану мақсаты:


- а) дем алуды жақсарту үшін
- б) ауырсынуды басу үшін
- в) қан кетуді тоқтату үшін
- г) жүрек ритмінің қалыптасуы үшін
- е) қан қысымын көтеру үшін

10. Стенокардияны біріншілік алдын алу шаралары:

- а) атеросклероздың алдын алу
- б) дене салмағын реттеу
- в) микротравматизациядан аулақ болу
- г) иммунитетті көтеру
- е) суық тигізуден аулақ болу



Ішкі аурулар пәнінің оқытушысы Кулишманова М.К өз пәнінің мақсатымен  
таныстыруда

	<b>«Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі» ЖШС</b>	
	Сапа менеджменті жүйесі	ТБМКЖШС-СМЖ-Ә-03-05-01-АСӘӘ-2023
	Ашық сабақтың әдістемелік әзірлемесі	7 беттің 1-беті

Бекітемін

Директордың оқу -әдістемелік  
жұмысы жөніндегі  
орынбасары  
\_\_\_\_\_ А.К.Жексембинова  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж

**«Акушерия және гинекология «Босану. Босану кезең бойынша жүргізу»  
тақырыбы бойынша  
09130100-«Акушер іс» мамандығы, 4S09130201 - «Акушер» біліктілігі бойынша  
АКС 22-22 тобында өткізілетін ашық сабақтың әдістемелік әзірлемесі**

Дайындаған: Калымбетова Эльмира Бахытовна  
«Акушерия және гинекология» пәнінің оқытушысы

Қарастырылды  
«Арнайы пәндер»  
ОӘБ отырысында  
ОӘБ төрайымы \_\_\_\_\_ Т.Б.Аймахановна  
Хаттама № \_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.



## Сабақ жоспары №14

**Оқытушы:** Калымбетова Эльмира Бахытовна

**Пәннің аты:** «Акушерия және гинекология»

**Оқу тобы:** АКС 22-22 күні 02.04.2024ж.

**Сабақ тақырыбы:** Босану. Босану кезеңдері.

**Сабақ түрі:** талқылау

<b>Сабақ мақсаты</b>	<b>Білімділік</b> Студенттерге Босану қызметінің пайда болып, дамуының негізінде тізбекті шартсыз рефлекссті түсіндіру
	<b>Тәрбиелік.</b> Студенттердің білімін арттыра отырып, адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу
	<b>Дамытушылық.</b> Студенттердің ойлау, талқылау қабілеттерін дамыту

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, сұрақ-жауап, тест

**Сабақты жабдықтау:**

**Қолданылатын көрнекі және оқытудың техникалық құралдар:** суреттер, слайдтар, видеороликтер, тірек конспектілер

**Таратылатын материалдар:** тест тапсырмалары

**Пән аралық байланыс:** Анатомия, Физиология, Патологиялық Анатомия.

<b>Сабақты жүргізу кезеңдері</b> (негізгі және қажетті әдістемелік түсіндірмелер мен ұсыныстар)	<b>Қосымша және берілген уақыт (мин)</b>
<b>I. Ұйымдастыру кезеңі.</b>	<b>3 мин</b>
1. Сәлемдесу	
2. Сыртқы түрлеріне назар аудару	
3. Жоқ оқушыларды белгілеу	
4. Сабаққа назарын аудару	
<b>II. Өткен тақырыпты қайталау</b>	<b>15 мин</b>
<b>Тақырыбы: Жүкті әйел организміндегі физиологиялық өзгерістер</b>	
1. Жүктіліктің белгілері (күмәнді, күмәнсіз)	
2. Плацента (бала жолдасы)	
3. Жүктілік кезінде әйел ағзасындағы гормондардың өзгеруі	
4. Жүктілік кезіндегі дене салмағының өзгеруі	
5. Жүктілік кезіндегі жатыр, сүт бездерінің өзгеруі	
6. Жүкті әйелдің жамбас өлшемдері	
7. Жүктілік кезінде зат алмасудың өзгеріске түсуі.	<b>45 мин</b>
<b>Тақырыбы: Босану, босану кезеңдері.</b>	

<p>1. Босану анықтамасы.</p> <p>2. Босану кезеңдері.</p> <p>3. Эстрогендер әсері.</p> <p>4. Окситацинмен простогландиндердің қызметтері:</p> <p>5. Босанудың ізашарлары:</p> <p>6. Босану ағымын жүргізу</p>	
<p>1. <b>Босану</b>– физиологиялық құбылыс, бұл кезеңде жатырдан ұрық және бала жолдасы қағанақ суымен бірге босану жолдарынан ығыстырылып шығарылуы.</p>	
<p><b>2. Босану кезеңдері.</b></p> <p><b>I кезең-</b> жатыр мойынның ашылу кезеңі, ретті толғақтардың басталуынан жатыр мойынның толық ашылуына дейінгі аралық.</p> <p><b>II кезең-</b> шығару кезеңі, жатыр мойынның толық ашылуымен басталады да нәрестенің туылуымен аяқталады.</p> <p><b>III кезең-</b> нәрестенің туылуымен басталып, бала жолдасының туылуымен аяқталады.</p>	
<p><b>3. Эстрогендер әсері.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жатырдағы қан айналымын жылдамдатады, простогландиндер синтезін жоғарлатады</li> <li>• Актиомиозин синтезін жоғарлатады</li> <li>• Миометридің окситоцинге сезімталдығын жоғарлатады, содан жатыр мойының «пісіп жетілуіне» әсер етеді.</li> </ul>	
<p><b>4. Окситацинмен простогландиндердің қызметтері:</b></p> <p>Негізгі өзгерістер аналық және ұрық тіндерінің шекарасында болады (амнион, децидуальды оболочка, миометрииде)</p> <p>Простагландиндер синтезінің каскады (жатырдың жиырылуының ең мықты стимуляциясы).</p>	
<p><b>5. Босанудың ізашарлары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Іштің төмен түсуі 2-3 апта бұрын</li> <li>✓ «шалқайған» жүріс</li> <li>✓ Дене салмағының төмендеуі 1-2 кг</li> <li>✓ Ұрық қозғалысының азаюы</li> <li>✓ Сегізкөзбен іштің төменгі бөлігінің ауырсынуы</li> <li>✓ Жатыр мойнының пісіп жетілуі.</li> </ul>	
<p><b>6. Босану ағымын жүргізу</b></p> <p>Дәрігер бірінші кезеңде әйелдің: жалпы жағдайын (қан қысымын, тамыр соғуын), толғақ күшінің жиілігін, ұзақтығын, жатыр мойнының ашылу қарқынын және нәресте басының жылжуын анықтайды.</p> <p>Жатырды қолмен сипап, толғақтың күшін толық анықтау жеткіліксіз, сондықтан жатырдың жиырылу қасиетін гистерография, реография, радиотелеметрия арқылы анықтаған жөн.</p> <p>Босану ағымын бағалау үшін партографиялық әдісті қолданады (босану ағымын графикалық тұрғыда бағалау).</p>	
<p><b>IV. Жаңа тақырыпты бекіту (қорытындылау, бағалау)</b></p>	<b>15 мин</b>
<p>1. Босану анықтамасы.</p>	
<p>2. Босану кезеңдері.</p>	
<p>3. Эстрогендер әсері.</p>	
<p>4. Окситоцинмен простогландиндердің қызметтері.</p>	

5. Босанудың ізашарлары.	
6. Ойын түрінде сұрақ-жауап.	
<b>V. Үй тапсырмасы:</b> Босанғаннан кейінгі кезеңнің физиологиясы.	<b>2 мин</b>
<b>Пайдаланған әдебиеттер:</b> 1. Бисембаева Р.С., Раисова Ә.Т., Нұрқасымова Р.Ғ. оқулық «Акушерия». – Алматы 2004 2. А.Т. Раисова., Нұрқасымова Р.Ғ. оқулық «Акушерия және гинекология». – Алматы 2002 3. Бисембаева Р.С., Раисова Ә.Т., Нұрқасымова Р.Ғ. оқулық «Акушерия». – Алматы 2004 4. А.Т. Раисова., Нұрқасымова Р.Ғ. оқулық «Акушерия және гинекология». – Алматы 2002. 5. Интернет	

### Тест «Жүкті әйел организміндегі физиологиялық өзгерістер»

1. Адамның эмбриональды кезеңі жүктіліктің қай аптасында аяқталады:

1. 5-6-аптада
2. 7-8- аптада
3. 8-9- аптада
4. 9-10 аптада
5. 10-11 аптада

2. Физиологиялық жүктілікке тән емес:

1. Жүректің жиырылу жиілігінің жиілеуі
2. Қанның минуттық көлемінің ұлғаюы
3. Жүрек лақтырысының ұлғаюы
4. Орта артериальды қысымның төмендеуі
5. Жалпы перифериялық қан тамырлар қарсыластығының жоғарылауы

3. Ұрық дамуының бірінші критикалық кезеңі:

1. Имплантация алды және имплантация
2. Ұрықтану
3. Негізгі ұрықтанудың даму
4. Плацентация
5. Органогенез

4. Жүктілік кезіндегі қан айналым көлемінің жоғарылауының мерзімі:

1. 10 аптадан бастап
2. 15 аптадан бастап
3. 18 аптадан бастап
4. 20 аптадан бастап
5. 26 аптадан бастап

5. Жүктілік кезінде темір препараттарына қажеттіліктің жоғарылауы:

1. 10-12 аптада
2. 12-15 аптада
3. 16-20 аптада
4. 22-24 аптада
5. 25-32 аптада

6. Плацентаның жатуын диагностикалаудағы ең тиімді әдіс:

1. Анамнез жинау

2. Сыртқы акушерлік зерттеу
  3. Айнамен қарау
  4. Қынаптық зерттеу
  5. Ультрадыбыстық зерттеу
- 
7. Қалыпты жүктіліктің мерзімі:
    1. 9 ай
    2. 10 акушерлік ай
    3. 9 ай 9 күн
    4. 10 ай
    5. 39 апта
- 
8. Ұрықтың қалыпты жүрек қағысының көрсеткіші, соққы мин
    1. 110-170
    2. 120-140
    3. 100-150
    4. 100-160
    5. 120-160
- 
9. Жүктілік мерзімі мен босану анықталатын мерзім
    1. Нәресте өлшемдері
    2. Нәрестенің алғаш қимылы
    3. Соңғы етеккір
    4. УДЗ
    5. ХГ- анықтау
- 
10. Жүктілік кезінде қою қара қанның кету белгілері:
    1. Қалыпты орналасқан плацентаның мерзімінен ерте ажырауы
    2. Толық алда жатуы
    3. Плацентаның жартылай алда жатуы
    4. Жатырдың жыртылуы
    5. Жатырдың жыртылу қаупі
- 
11. Жүктілік кезінде тамақпен бірге темірді пайдалану әсері
    1. Қосымша гемоглобинді өндіру үшін пайдаланады;
    2. Нәресте пайдаланады;
    3. Плацента қалыптасқан кезде пайдаланады
    4. Жатыр бұлшық етіне жиналады
    5. Мүлдем пайдаланбайды
- 
12. Әйелдер медициналық консультациясының негізгі құжаты
    1. Денсаулық пункті(здравпункт)
    2. Жаңа босанған әйелдің, жүкті әйелдің жеке картасы
    3. Статистикалық талондар
    4. Айырбастау картасы
    5. Амбулаториялық карта
- 
13. Амбулаторлы акушерлік-гинекологиялық қызметтің орталық мекемесі
    1. Әйелдер консультациясы
    2. Аудандық аурухана
    3. Фельдшер- акушерлік пункт
    4. Денсаулық пункті(здравпункт)
    5. Амбулатория

14. Ұрықтану -

1. дамып жетілген аталық және аналық жыныс жасушаларының қосылу процесі
2. сперматогенез процесі
3. аналық жасушаның жарылуы
4. дамып жетілмеген аталық және аналық жыныс жасушаларының қосылу процесі
5. жатыр қозуының күшеюі

15. Ұрықтану процесі өтетін жер:

1. жатыр түтікшесінің ампулярлы бөлігінде
2. жатыр мойнында
3. аналық безде
4. жатыр түтікшесінің салпыншақ бөлігінде
5. жатыр түтікшесінің истмикалық бөлігінде

16. Жүктілікті анықтау барысында қолданылатын әдістер:

1. анамнез жинау, аушерлік тексеру, ультрадыбысты зерттеу
2. биохимиялық тексеру әдістері
3. рентгенді тексеру әдістері
4. кольпоскопиялық тексеру әдістері
5. биофизикалық тексеру әдістері

17. Жүктіліктің күмәнсіз ықтималды белгілері:

1. құсу, иіс сезім мүшелерінің қызметінің бұзылуы
2. етеккірдің тоқтауы, орталық жүйке жүйесінде болатын өзгерістер.
3. бала бөліктерінің анықталуы
4. жатыр қатты болуы және жүктілік мерзіміне сәйкес келмеуі
5. етеккірдің тоқтауы, жатыр мойны мен қынаптың шырышты қабатының көгеруі, емшек безінен уыздың бөлінуі, жатыр денесінің жүктілікке сәйкес үлкеюі

18. Анемияның жүктілікке тигізер әсері:

1. мезгілінен кеш босану
2. бала гипоксиясы, асфиксия
3. қан кету
4. баланың өлі туылуы
5. уақытынан бұрын босану

19. Отбасын жоспарлау:

1. бала санын кеміту
2. өмірге қалаусыз бала әкелу
3. түсік жасату
4. ауру бала туу
5. өмірге қалаулы, дені сау бала әкелу

20. Асфиксия:

1. баланың тұншығуы
2. балаға ауаның жетіспеушілігі
3. ала салмағының азаюы
4. баланың естен тануы
4. бала салмақ азаюы

21. Жүктілік кезінде жедел аппендицит болғанда жүргізілетін қағида:

1. Хирургиялық ем
2. Күту тактикасы

3. Консервативті терапия
4. Активті тактика
5. артқы күмбезіне пункция

22. Контрацепция:

1. ерте босану
2. қажетсіз жүктіліктен сақтану
3. кеш босану
4. түсік тастау
5. алдыртып тастау

23. Бала тууға қолайлы жас:

1. 15-18
2. 18-20
3. 19-35
4. 40-49
5. 36-40

24. Отбасын жоспарлау:

1. ауру бала туу
2. өмірге қалаусыз бала әкелу
3. түсік жасату
4. өмірге қалаулы, дені сау бала әкелу
5. бала санын кеміту

25. Диагностика мақсатында сүт безін қарау және пальпациялау жүргізілетін уақыты, күн:

1. Циклдың ортасында
2. Етеккірден кейін
3. Циклдың 10 күні
4. Циклдың 15 күні
5. Етеккір кезінде

26. Физиологиялық аменорея байқалатын кезең:

1. жыныстық жасы жетілу кезінде
2. әйел жыныс мүшелерінің қабынуында
3. жатыр миомасында
4. балалық кезде және баланы емшекпен емізу кезінде
5. климакс кезінде

27. Қалыпты жағдайдағы жамбас өлшемдері, см:

1. 24-25-27-16-7-8
2. 24-26-28-18-11-9
3. 26-29-31-20-11-9
4. 26-26-27-25-7-5
5. 15-26-27-18-5-9

28. Тар жамбас кезінде асқыну:

1. етеккір қызметінің бұзылуы
2. қағанақ суының кеш келуі
3. босанудан кейінгі қан кету

4. қағанақ суының ерте келуі
5. босануға дейінгі қан кету

29. Ұрықтың құрсақшілік өлуін анықтау диагностикасы:

1. рентген
2. кульдоскопия
3. кольпоскопия
4. лапороскопия
5. ультра дыбысты зерттеу, кардиотахография

30. Атониялық қан кету:

1. жатыр бұлшық етінің жиырылу қызметінің жоғарылауы
2. жатыр бұлшық етінің мүлдем жиырылмауы
3. жатыр бұлшық етінің жиырылу қызметінің төмендеуі
4. перинеотомияның дер кезінде жасалмауы
5. жатыр іші қырылады



Акушерия гинекология пәнінің оқытушысы Э.Б.Калымбетова өз пәнінің мақсатымен таныстыруда



### ***Бағдарлама***

**Тақырыбы:** Сібір жарасы

**Мақсаты:** Сібір жарасы індетіне қарсы мәселелерді талқылау

**Кіріспе сөз:**

Таргынова К.А. Умарова А.А  
«Арнайы пәндер» оқытушылары

«Сібір жарасын алдын алу (санитарлық-профилактикалық) және індетке қарсы іс-шаралар»  
Рахимов К.Р

Жамбыл облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аса қауіпті инфекцияларды эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы

«Аса қауіпті жұқпалы аурулар аурулар (Сібір жарасы) анықталған жағдайда жүргізілетін диагностикалық, санитарлық-медициналық алгоритмдер»

Тазабекова С К  
«Тараз- Болашақ» жоғары мед-қ колледжінің дәрігер оқытушысы

**Қорытынды сөз:**

Р.Қ.Джылысбаева  
Колледж әдіскері

**Өтілу орны:** Конференция залы


**Мерзімі:** 01.04.2024 ж.

**Уақыты:** 11<sup>00</sup>





*Қалалық ауруханадан келген қонақтарды «Алғыс хаттар» мен марапаттауда*

	<b>«Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі» ЖШС</b>	
	Сапа менеджменті жүйесі	ТБМКЖШС-СМЖ-Ә-03-05-01-АСӘӘ-2024
	Ашық сабақтың әдістемелік әзірлемесі	7беттің 1-беті

Бекітемін

Директордың оқу -әдістемелік  
жұмысы жөніндегі  
орынбасары  
\_\_\_А.К.Жексембинова

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024ж

**«Фармакология,фармакотерапия» пәнінен «Фармакокинетика және фармакокинетика» тақырыбы бойынша09120100-«Емдеу ісі» мамандығы, 4S09120101 - «Фельдшер» біліктілігі бойынша ЕМС 21-22Г тобында өткізілетін ашық сабақтың әдістемелік әзірлемесі**

Дайындаған: Сарсеева Фарида Сайлауовна

**«Фармакология,фармакотерапия»** пәнінің оқытушысы

Қарастырылды

«Арнайы пәндер»

ОӘБ отырысында

ОӘБ төрайымы \_\_\_\_\_ Т.Б.Аймахановна

Хаттама № \_\_\_ « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_\_ ж.

Тараз 2024ж

### Сабақ жоспары № 3

Оқытушы :Сарсеева Фарида Сайлауовна

пәннің аты Фармакология,фармакотерапия

Оқу тобы      ЕМС 21-22Г күні 1.04.2024ж.

Сабақ тақырыбы:Фармакокинетика,фармакотерапия

Сабақ түрі -талқылау

Сабақ мақсаты	Білімділік Студенттерге қолдануды түсіндіру
	Тәрбиелік Студенттердің білімін арттыра отырып,адамгершілікке,сыйластыққа тәрбиелеу
	Дамытушылық Студенттердің ойлау,талқылау қабілеттерін дамыту

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:түсіндіру,сұрақ-жауап ,тест

Сабақты жабдықтау:Қолданылатын көрнекі және оқытудың техникалық құралдар:

Суреттер,слайд,видео роликтер,тірек конспектілер

Таратылатын материалдар:тест тапсырмалары

Пән аралық байланыс:Химия, Биология,Патологиялық физиология,Иммунология.

Сабақты жүргізу кезеңдері (негізгі және қажетті әдістемелік түсіндірмелер мен ұсыныстар)	Қосымша және берілген уақыт (мин)
<b>I. Ұйымдастыру кезеңі сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа назарын аудару</b>	<b>3 мин</b>
1.Сәлемдесу	
2.Сыртқы түрлеріне назар аудару	
3.Жоқ оқушыларды белгілеу	
4.Сабаққа назарын аудару	
<b>II. Өткен тақырыпты қайталау</b>	<b>15 мин</b>
Тақырыбы:Жалпы рецептура –дәрілік түр,дәрі-дәрмек,дәрілік зат,дәрілердің рецепте жазылу ережесі мен дайындау және қабылдау тәсілдері.	
1.Мемлекеттік фармакопоя-дәрілердің қауыпсіздігі мен сапасы мемлекеттік стандарттар мен ережелердің арнайы жиынтығы болып табылатын заңды күші бар (МФ)реттелінеді.2015ж Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фармакопоясының II басылымының1-ші томы жарық көрді,2014ж МФ I басылымының 3-ші томы жарық көрді. Қазақстанның фармакопоясы Европалық фармакопоямен толық үйлестірілген,ал Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына негізделген ұлттық бөлімді қамтиды.	
2. Фармакология ғылымы нені зерттейді-химиялық қосылыстар мен тірі ағзаның өзара әрекеттесуін зерттейтін ғылым.Фармакология әртүрлі аурулар мен патологиялық жағдайларды алдын алу және емдеу үшін қолданылатын дәрілерді игереді.Фармакология бөлінеді жалпы ,жеке және жалпы рецептура.	
3.Фармакологияның міндеттері-тиімділігі жоғары және қауіпсіз,әсер ету	

механизмі жаңа дәрі-дәрмектерді іздестру.дәрі сапасын қадағалайтын фармакологиялық бақылауды күшейту,фитотерапияны дамыту,клиникалық фармакологияны дамыту,дәрілерді дұрыс қабылдамаудан пайда болған дәрілік ауруларды алдын алу.	
4. Тест	
<b>III. Жаңа тақырыпты баяндау</b>	<b>45 мин</b>
Тақырыбы:Фармакокинетика Фармакодинамика	
1.Фармакокинетика зертейді-ағзаға дәрілерді енгізу жолдарының түрлерін,сіңірілу механиздері,олардың түрлерін,дәрілердің ағзада таралуы ,дәрілердің биотрансформациясы және шығарылу жолдары.	
2.Фармакодинамика зертейді-дәрілердің әсер ету түрлері,дәрілік терапия түрлері,мөлшері,әсер ету факторлар,қайта қабылдағандағы болатын әсерлер,дәрілерді қиыстырып қабылдағанда болатын әсерлер,дәрілік заттардың улы әсері.	
3.Ағзаға дәрі-дәрмекті енгізу жолдары-энтеральді енгізу жолдары ауыз қуысы арқылы,тіл астына,ұрт арқылы және тік ішекке енгізу жолы,параэнтеральді енгізу жолы-тері асты,бұлшық ет,күре тамыр арқылы,мидың торлы қабығына ,дем алу арқылы,артерия,ішіне,интраназальды,конъюнктивальды,кеудеге,плевраға және буынға енгізу жатады.	
4.Ағзадан дәрі-дәрмектің шығу жолдары-бүрек бездер,өкпе арқылы,сілекей бездері асқазан бездер,ішек бездер,жас бездер және сүт бездері арқылы шығады	
5.Дәрі-дәрмектер әсерлерінің түрлері-басты әсер,жергілікті,жанама,резорбтивті,тікелей,рефлекторлы қосымша әсерлер бар.	
6.Дәрі-дәрмектердің сіну жолдары-пассивті диффузия,белсенді транспорт,пиноцитоз,жай диффузия, фильтрация.Биосіңімділік деп препараттың алғашқы мөлшеріне байланысты өзгерілмеген заттың мөлшерін көрсетеді.	
7.Дәрі-дәрмектің жанама әсер асқынуға алып келетін д/з қажет емес әсері,қарсы көрсетілімдері-аллергия,жүктілікте және балаларға болмайтын дәрілер,мөлшер-бір реттік қабылдауға арналған препараттың мөлшері.Жоғары реттік мөлшер-асырғанда уытты әсер көрсететін,1 тәулікке арналған мөлшер.Орташа терапевтикалық мөлшер,жоғарғы реттік мөлшердің1\2немесе1\4 бөлігі.	
<b>IV. Жаңа тақырыпты бекіту (қорытындылау, бағалау)</b>	<b>15 мин</b>
1.Жалпы фармакология.Фармакокинетика және фармакодинамика	
2. Фармакокинетика-ағзаға дәрі-дәрмектерді енгізу,шығу,сіңіру жолдары	
3. Фармакодинамика- дәрі-дәрмектер әсерлерінің түрлері	
4.Дәрілерді қайта қабылдағандағы болатын әсерлер-үйреншіктік,таксифилаксия-жылдам пайда болған дәріге үйренгіштік,дәріге тәуелділік-эйфория тудыратын дәріні шайта шабылдағысы келетін жағдай	
5. Дәрілерді қиыстырып қабылдағанда болатын әсерлер.Синергизм-бір дәрі екінші дәрінің әсерін күшейтуі.Антагонизм-бір дәрі екінші бір дәрінің әсерін әлсіретуі.Антидотизм-	
6.Дәрілік заттардың мөлшері.Мөлшер-бір реттік қабылдауға арналған препараттың мөлшері.Жоғары реттік мөлшер-асырғанда уытты әсер көрсететін,бір қабылдауға арналған мөлшер.Жоғары тәулік мөлшер асырғанда уытты әсер көрсететін бір тәулікке арналған мөлшер.Орташа терапевтикалық мөлшер,жоғары реттік мөлшердің 1\2немесе 1\4бөлігі.	
<b>V. Үй тапсырмасы:</b> Жеке фармакология. Микробтарға қарсы дәрі-дәрмектер тобы.М.Ә.Сұлтанов,А.А.Ербасова Шымкент 2008ж	<b>2 мин</b>

## Тест тапсырмалары 1 вариант

### 1. Жалпы рецептура

- А. Дәрілердің рецепте жазылу ережелері мен дайындау, қабылдау тәсілдерін оқытады
- Б. Химиялық құрлысы
- В. Физикалық құрлысы
- Г. Асқазан ішек жолдарын зертейді
- Д. Қан қысымын зертейді

### 2. Дәрілік түр

- А. Қолдануға ыңғайлы етіп беретін түр
- Б. Дәрілік шикі зат
- В. Дәрілік зат
- Г. Дәрі-дәрмек
- Д. Б-тізімі

### 3. Мемлекеттік Фармакопея

- А. Дәрілік заттардың физика-химиялық
- Б. Ереже-стандарттар заңды күші бар
- В. А-тізімі
- Г. Б-тізімі
- Д. Барлық жауап дұрыс

### 4. Рецепт

- А. Дәрігердің дәрінің бір реттік мөлшері мен саны, қолдану тәсілі, арнайы дәрілік қалыпта жазбаша сұранысы
- Б. Негізгі рецептуралық қысқартулар
- В. Дәрілік заттардың мөлшері
- Г. Рецепттің құрлысы
- Д. Дәрілік заттардың атауы

### 5. Дәрілік заттардың мөлшері

- А. Ондық өлшеу жүйесіндегі цифрлармен грамда көрсетіледі
- Б. Жүздік өлшеу жүйесіндегі цифрлармен грамда көрсетіледі
- В. Бірлік өлшеу жүйесіндегі цифрлармен грамда көрсетіледі
- Г. Мыңдық өлшеу жүйесіндегі цифрлармен грамда көрсетіледі
- Д. Жүзмыңдық өлшеу жүйесіндегі цифрлармен грамда көрсетіледі

### 6. Рецепт жазу және босату ҚР ДСМ бекіткен

- А. 21.05.2008ж
- Б. 21.05.2009ж
- В. 21.05.2010ж
- Г. 21.05.2007ж
- Д. 21.05.2005ж

### 7. Рецептті кімдер жаза алады

- А. Дәрігер, фельдшер, акушер
- Б. Медбике
- В. Провизор
- Г. Фармацевт
- Д. Кіші фармацевт

### 8. Рецепттің жарамды мерзімі

- А.10 күн
- Б.15 күн
- В.30 күн
- Г.45 күн
- Д.50 күн

9.Жеңілдікпен босатылатын рецептін жарамдылығы

- А.90 күн
- Б.30 күн
- В.120 күн
- Г.1 жыл
- Д.3 жыл

10.Рецепті жою үшін құрамы

- А.Арнайы комиссия
- Б.Провизор
- В.Фармацевт
- Г.Медбике
- Д.Фармацеит көмекшісі

### **Тест тапсырмалары 2 вариант**

1.Рецепте жалпы көрсеткішпен жазуға болмайды

- А.«Белгілі»,»Ішке» » Сыртқа»
- Б.Бұлшық ет
- В.Көк тамыр
- Г.Сүйекке
- Д.Тері астына

2.»Арнайы тағайындалуы үшін»штамп

- А.Ұзақ уақыт емделуді қажет ететін науқастарға
- Б.Ұзақ уақытқа жұмысқа кететіндерге
- В.Ұзақ уақыт дәрігерлерге келе алмайтындарға
- Г.Жүкті әйелдерге
- Д.Зейнеткерлерге

3.Рецепті түзетуге рұқсат

- А.Жоқ
- Б.Бар
- В.Сызып жөндеуге
- Г.Тырнақшаға алып
- Д.Замаскамен өшіруге

4.А-тізімге жататын дәрілер

- А.Уыттылығы жоғары,
- Б. Уыттылығы жоғары
- В. Уыттылығы төмен
- Г. Уыттылығы жоқ
- Д.Әсері күшті

5.Б-тізімге жататын дәрілер

- А. Әсері күшті
- Б. Уыттылығы жоғары
- В. Уыттылығы жоғары
- Г. Уыттылығы төмен
- Д. Уыттылығы жоқ

6.Рецепт жазу бланк үлгілері

- А.Ересектерге Балаларға арналған
- Б.Барлық вариант дұрыс
- В.Жеңілдікпен босататын
- Г.Тегін босататын
- Д.Наркотиктерге арналған

7.Рецепте жазылады

- А. Науқастың аты-жөні, жасы
- Б. Барлық вариант дұрыс
- В.Дәрілік заттың құрамы мөлшері
- Г.Дәрілік заттың қолдану тәсілі
- Д.Бір ғана дәрі жазылады

8.Рецепт жарамды

- А.ҚР аумағында ғана
- Б.Ресей аумағында
- В.Қырғызстан аумағында
- Г.Өзбекстан аумағында
- Д.барлық аумақтарға

9.»Арнайы тағайындалуы үшін»

- А.Ұзақ емделетін науқастарға тегін немесе жеңілдікпен
- Б.Балаларға
- В.АІЖ ауруларына
- Г.АҚ ауруларына
- Д.Қант диабетпен ауруға

10.1,0 -1 грамм немесе

- А.1000мг
- Б.100мг
- В.10мг
- Г.1мг
- Д.1кг

## Тест тапсырмалары 1 вариант

1. Дәрінің қанға сіңгеннен кейінгі әсері

- А. Резорбтивтік
- Б. Жергілікті
- В. Рефлекторлық
- Г. Қосымша
- Д. Негізгі

2. Жедел көмек көрсету жағдай түрлері

- А. Көк тамырға
- Б. Ауыз арқылы
- В. Тік ішекке
- Г. Тіл астына
- Д. Трансбукальды

3. Парентеральді енгізу жолына жатпайды

- А. Ауыз арқылы
- Б. Бұлшық етке енгізу
- В. Көк тамырға енгізу
- Г. Тері астына енгізу
- Д. Тері ішіне

4. Көк тамырға енгізу жолы

- А. Әсердің тез түзілуі
- Б. Әсері баяу түзілуі
- В. Әсердің түзілмеуі
- Г. Әсердің 1 сағаттан кейін түзілуі
- Д. Әсердің 30 минуттан кейін түзілуі

5. Терапевтік өлшеммен қабылданған дәрілердің жағымсыз әсері

- А. Жанама әсер
- Б. Үйреншіктік
- В. Негізгі әсер
- Г. Кумуляция
- Д. Антагонистік әсер

6. Ағзадан бөлініп шығатын дәрілердің негізгі жолы

- А. Бүйрек
- Б. Өкпе
- В. Тері бездері
- Г. Тіл астына
- Д. Жоғарғы тыныс алу жолы

7. Эмбриотоксикалық әсер

- А. Дәрінің нышанға (іштегі нәрестеге) жағымсыз әсері
- Б. Дәрінің нышанға (іштегі нәрестеге) жағымсыз, кері әсерінен болатын кемтарлықтар.
- В. Дәрінің үлкен адамдарға кері әсері
- Г. Дәрінің жасөспірімдерге әсері
- Д. Дәрінің қарттарға әсері

8. Бір препарат әсерінен екінші препараттың әсерінің төмендеуі

- А. Антагонизм
- Б. Үйреншіктік
- В. Аллергия
- Д. Синергизм
- Г. Кумуляция

9. Дәріге тәуелділік



- А. Дәрілік затты әрдайым қабылдай беруге құштар болу
- Б. Дәрілік заттың адам ағзасында жинақталуы
- В. Дәрілік заттың терапевтикалық мөлшерде кері әсер туғызуы
- Г. Дәрілік заттардың бірге қосылғанда әсерінің төмендеуі
- Д. Дәрілік затты ағзаның қабылдамауы

10. Адам ағзасынан дәрілік заттардың негізгі шығу жолы

- А. Бүйрек арқылы
- Б. Өкпе арқылы
- В. Сүт бездері арқылы
- Г. Тері бездері арқылы
- Д. Ішек арқылы

## Тест тапсырмалары 2 вариант

1. Дәрі-дәрмектің адам организмінде сіңуі, таралуы, жинақталуы, биотрансформациялануы және бөлініп шығуы

- А. Фармакокинетика
- Б. Фармакодинамика
- В. Кинетика
- Г. Динамика
- Д. Терапия

2. Сол өлшеммен екінші рет дәріні қабылдағанда реакцияның төмендеуі

- А. Үйреншіктік
- Б. Құштарлық
- В. Кумуляция
- Г. Биотрансформация
- Д. Идиосинক্রазия

3. Бір препаратпен екінші препараттың әсерінің күшеюі

- А. Синергизм
- Б. Үйреншіктік
- В. Антогонизм
- Г. Кумуляция
- Д. Үйлеспеушілік

4. Дәрігерге ауруды емдеу үшін керекті әсер

- А. Негізгі әсер
- Б. Жергілікті әсер
- В. Қосымша әсер
- Г. Рефлекторлық әсер
- Д. Жанама әсер

5. Парентеральді енгізу жолы

- А. Ауыз арқылы
- Б. Бұлшық етке енгізу
- В. Көк тамырға енгізу
- Г. Тері астына енгізу
- Д. Тері ішіне

6. Дәрілік заттардың сіңірілу механизмі

- А. Пассивті диффузия
- Б. Бұлшық арқылы
- В. Бүйрек арқылы
- Г. Өкпе арқылы
- Д. Асқазан арқылы

7. Жай диффузиямен сіңетін заттар

- А. Липофильді заттар
- Б. Липидті
- В. Суда еритін заттар
- Г. Спиртте еритін заттар
- Д. Полярлы заттар

8. Биосіңімділік

- А. Алғашқы мөлшері өзгерілмегені
- Б. Заттардың өзгеріске түскені
- В. Соңғы өзгеріске түскені
- Г. Заттардың өзгеріске түспегені
- Д. Шикі заттар түрінде

9. Дәріге әсер ететін факторлар


- А. Жасы
- Б. Салмағы
- В. Патологиялық жағдайы
- Г. Әйел адам
- Д. Ер адам

10. Дәрі-дәрмектің адам организмінде

- А. Фармакологиялық әсерлері, терапия түрлері, мөлшері, факторлары, улы әсері
- Б. Фармакокинетика
- В. Фармакодинамика
- Г. Кинетика
- Д. Терапия



Фармакология пәнінің оқытушысы Сарсеева Ф.С өз пәнінің мақсатымен таныстыруда

	<b>«Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі» ЖШС</b>	
	Сапа менеджменті жүйесі	ТБЖМКЖШС-СМЖ-ТБ-04-06-АТС-2024
	Оқу жұмыс бағдарламасы	4беттің 1-беті

Бекітемін

Директордың тәрбие жұмысы  
жөніндегі орынбасары

\_\_\_\_\_ А.Б.Ержанова

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024ж

**«Әз Наурыз»  
атты тәрбиелік іс – шараның бағдарламасы**

Дайындағандар: Жаңбыршы Ж.Б  
Әкман Н.Қ

«Арнайы пәндер» оқытушысы

**03.04.2024 ж. «Әз Наурыз»** атты ашық тәрбие сағаты. Голливуд залы.

10:00. Жауапты оқытушылар: Жаңбыршы Ж.Б., Әкіман Н.Қ.

Бағдарлама:  
**«Әз Наурыз»**

**Мақсаты:** Студенттерге қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту.

Кіріспе сөз.

Жаңбыршы Ж.Б.  
Арнайы пәндер оқытушысы

I. Би-«Мадина» би ансамблі

II. Көрініс «Көрісу»

III. Наурыз мейрамына ән шашу

IV. «Наурызға» өлең арнау

V. Қорытынды сөз. Колледж әдіскері Джылысбаева Роза Құттыбайқызы

**«Әз Наурыз!»**

**1-жүргізуші**

Науан Наурыз, армысың!

Наурыз келді, көктем келді ағайын,

Жадырайды, жаңғырады маңайым.

Назды, сазды науан Наурыз, армысың?

Сұлу мүсін саған біткен бар мүсін.

Қайнарындай қалың қуат, қайраттың,

Сен келдің де ғаламшарды жайнаттың.

Тіршілікке тіл бітіріп өзгеше,

Дүниенің бұлбұлдарын сайраттың.

**2-жүргізуші:** Қош келдіңіздер, жиналған қауым!

**1-жүргізуші:** Бүгінгі «Әз Наурыз» атты колледж студенттерінің қатысуымен өтетін ашық тәрбие сағатын бастауға рұқсат етіңіздер!

**Назарларыңызға мың бұралған қыздарымыз «Мадина» би ансамблі**

**2-жүргізуші**

Уа,жараңдар,жараңдар!

Бәрің бері қараңдар,

Наурыз думан басталды,

Бір сәт зейін салайық.

Ұштасқан оймен мәңгілік

Біздерде бар сан ғұрып,

Ғасырлардан ғасырға

Келе жатқан жаңғырып.

**Ортада колледж студенттері «Көрісу» көрінісін тамашалаймыз!**

**1-жүргізуші**

Күттіріп келген жыл басы

Бізбен бірге жырлашы.

Елімнің дастарханына

Береке,ырыс сыйлашы.

Ата-бабам тойлаған

Наурызымыз армысың!

**Ән- «Аманба» Жанатбек Умирзаков**

**2-жүргізуші**

Наурызға байланысты қонақтармен ойын ойнасақ (Дайындалған карточкаларды алып, сұрақтарға жауап беру керек)

1. Наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі түсті гүлді,қауашақты әсем шөп.

**(Наурызшешек)**

2. Наурыз айында ұшып келетін көктем құсы.

**(Наурызек)**

3. Наурызда ойналатын ойын турлері

**Алтыбақан, қыз қуу, аударыспақ, көкпар, арқан тартыс, теңге алу (ілу), ақсүйек, жамбы ату**

**Күй – Еркесылқым Сейтжан Нурсултан**

**1-жүргізуші**

Келе жатыр жылымыз,

Мейрамдаймыз мұны біз.

Жас балаша нұрланып,

Жадырасып бәріміз.

**Келесі кезекте мың бұралған қыздарымыз «Мадина» би ансамблі**

**2-жүргізуші**

Наурыз тойы, Наурыз тойы,

Құтты болсын ағайын.

Наурыз тойы,Наурыз тойы,

Келді біздің Жаңа жыл!

**ЕМС 13-23 тобын «Наурызым армысың!» атты өлең шумақтарымен қарсы аламыз**

**1-жүргізуші**

Жарқырасын Болашақтай жеріміз!

Асып тасысын байлығымыз,кеніміз

Ел сүйсініп дәулетіне елімнің,

Малға толып жатсын барқыт беліміз!

**2-жүргізуші**

Тойла бүгін тауларым мен боз далам,

Тойла бүгін қарттарым мен бозбалам.

Мереке боп келген бүгін Наурызым!

Береке боп ешқашанда тозбаған!

**Келесі сөз кезегін Джылысбаева Роза Құттыбайқызына беріледі.**

Осымен дайындаған шағын мерекелік концертіміз аяқталды. Келесі Наурызда аман сау кездесуімізге Алла нәсіп етсін.

**III. Қорытынды бөлім.**

Қорытынды сөз: Колледж әдіскері: Р.Қ. Джылысбаева Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: А.Б.Ержанова



Ашық тәрбие сағатынан қатысқан студенттерге алғыс хаттармен марапатталды

**« Арнайы пәндер» ЦӘК-нің 27.03.-03.04 .24ж. аралығында өткізілген он күндік апталығының есебі.**

2023-2024 оқу жылының 27.03.-03.04. аралығында, «Арнайы пәндер» цикл әдістемелік кеңесінің он күндік іс-шаралары өткізілді. 27.03.2024 күні фойеде ЦӘК оқытушыларының «Дуальдік ,проблемалық,ақпараттық,сыни тұрғыдан ойлау,интерактивті оқу технологиялары» әдістемелік бюллетені көрсетіліп, 27.03.2024 күні «Білім беру жүйесіндегі ЦӘК оқытушыларының іскерлігі» атты шығармашылық көрме ұйымдастырылды.Көрмеде пән бойынша барлық оқытушылар шығармашылық жұмыстарымен таныстырды.Көрме барысында оқытушылардың оқыту технологияны пайдаланудағы әдіс-тәсілдер, түрлері, интерактивті тақта арқылы виртуальды жұмыстарды көрсетті.

27.03.2024ж күні Арнайы пәндер оқытушысы Темирова З.И «Туберкулез ауруымен күресу » тақырыбында Дөңгелек үстел ұйымдастырды. «Туберкулез аурудың алдын алу профилактикасы» Омарбекова А.К; Облыстық фтизиопульмонология орталығы -Мониторинг және бағалау тобының жетекшісі «Балаларда туберкулез ауруын диспансерлеу» Бекбенбетова А.С; Облыстық фтизиопульмонология орталығы –фтизиопедиатр «Туберкулез аурумен күресу» Дәрібаева К. С ; Тараз-Болашақ мед центр- медбике фтизиатры мен кездесу ұйымдастырды. Келген қонақтар алғыс хаттармен марапатталды.

28.03.2024ж күні Арнайы пәндер» оқытушылары Тазабекова С.А Амиртаева А.М «Вирусты гепатит түрлері,алдын-алу жолдары» тақырыбында Қалалық семинар ұйымдастырды. Тараз қалалық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Сыдыкова Айгуль Сапаровна

«Вирусты гепатиттердің алдын-алу шаралары» атты, Департаменттің инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы Сапарбаева Нуркул Сергазиевна «Вирусты гепатит этиологиясы,эпидемиологиясы клиникасы» атты тақырыптарды ортаға салып талқылады.Соңында алғыс хаттармен марапатталды.

01.04.2024 ж. 205 аудиторияда «Акушерия,хирургия,педиатрия пәні бойынша » пәні бойынша «Олимпиада» ұйымдастырылды.Бірінші кезең бойынша эссе пән бойынша таңдалынып жазылып, мазмұны және грамматикалық қателері бойынша тексеріліп, одан өткен студенттер келесі кезең тестке жіберілді. Жалпы 9 студент қатысып оның ішінде ең үздік нәтиже көрсеткен 3 студенттер сыйлық және алғыс хатпен марапатталды.

28.03.2024 ж. 205 аудиторияда «Ішкі аурулар» пәнінің оқытушысы Кулишманова М.К «Стенокардия» атты тақырыпта ЕМС-21-22 тобымен ашық сабақ өткізілді. Сабақ барысында оқытушы өзінің педагогикалық шеберлігін жан-жақты көрсете білді. Интерактивті оқыту технологиясының барлық әдіс-тәсілдерін қолданды. Сабағы жақсы деңгейде өткізілді.

2.04.2024 ж. Конференция залында «Эпидемиялогия» пәнінен тақырыбында пәнінің оқытушылары Таргынова К А ; Умарова А А «Сібір жарасы » атты облыстық семинар өткізілді.Семинарға Рахимов К.Р «Сібір жарасын алдын алу (санитарлық-профилактикалық) және індетке қарсы іс-шаралар» атты, Жамбыл облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аса қауіпті инфекцияларды эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы  
аааааааааааааааа

«Аса қауіпті жұқпалы аурулар аурулар (Сібір жарасы) анықталған жағдайда жүргізілетін диагностикалық, санитарлық-медициналық алгоритмдер» тақырыбында өз ойларымен бөлісті.Өз тәжірибелерімен бөліскені үшін алғыс хаттармен марапатталды.

01.04.2024ж. 205 аудиторияда Фармокология пәнінің оқытушысы Сарсеева Ф.С «Фармокинетика, фармакодинамика» атты тақырыпта ЕМС-21-22 тобымен ашық сабағын орташа деңгейде өткізді. Сабақ барысында оқытушы интерактивтік оқыту технологиясын қолдана отырып, көптеген ойын түрлерін пайдаланды.

02.04.2024ж. 205 аудиторияда Калымбетова Э.Б Акушерия және гинекология пәнінен АКС-21-22 тобымен «Босану физиологиясы» атты ашық сабақ өткізілді. Тәжірибе сабағында оқытушы муляждарды пайдалана отырып, балаларға алғашқы көмекті көрсетті. Сабақ жоғары дәрежеде өтті.

03.04.2024ж. 205 Голливудта Жаңбыршы Ж.Б ұйымдастырылуымен «Әз Наурыз» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Студенттерге қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту. Топ студенттері мәнерлеп өлең оқып, ән айтып, би билеп өз өнерлерін көрсетті.

03.04.2024ж. Конференция залында ЦӘК төрайымдары мен оқытушылары он күндік қорытындылау өткізілді.

ЦӘК жетекшісі: \_\_\_\_\_ Т.Б.Аймаханова

### *Он күндікті қорытындылау*

